

ЖАҚИЯ ШАЙЖҮНІСҰЛЫНЫҢ ӨМІР ЖОЛЫ



ЖАҚИЯ ШАЙЖҮНІСҰЛЫ 1914 жылы Семей облысы Абай ауданында дүниеге келген. 1933 жылы Семей педагогикалық техникумын тәмамдағаннан соң, Көкпекті ауылындағы балалар үйіне жолдама алды. Мұғалім, тәрбиеші, оқу ісінің меңгерушісі болып жұмыс істеді. Бес жыл өткен уақытта, 1938 жылы жас та дарынды педагогқа балалар үйіне басшылық ету сеніп тапсырылды. Ол бүкіл өмірін жетім балаларға қамқоршы болуға арнады. Балалар үйінде еңбек еткен 43 жылында ол он жеті ұлттың 5687 жетім баласына үлкен өмірге бағыт-бағдар бере алды.

Ұлы Отан соғысы жылдарында панасыз қалған балаларды тәрбиелеуге қосқан орасан зор үлесі үшін Жақия Шайжүнісұлы «Үздік еңбегі үшін» медалімен марапатталды. 1962 жылы өскелең ұрпақты тәрбиелеуде ең жақсы жетістіктерге қол жеткізгені үшін оған «Қазақ ССР-нің Еңбек сіңірген мұғалімі» атағы берілді.

1968 жылы КСРО Жоғарғы Кеңесі Президиумының Жарлығымен Жақия Шайжүнісұлына «Еңбек Ері» атағы беріліп, Ленин Ордені тапсырылды. Дәл осы жылы ұлағатты Ұстаз Бүкілодақтық мұғалімдер съезіне делегат болып сайланды. Кейіннен бірнеше мәрте облыстық, аудандық Кеңес депутаты болып сайланды.

Өзінің педагогикалық шеберлігін үнемі жетілдіре отырып, Жақия Шайжүнісұлы 1953 жылы Семей педагогикалық институтының тарих факультетін сырттай оқып, бітірді.

Жас та талапты директордың қайтпас күш-жігерінің арқасында жаңа жатын корпустары, спорт залы, клуб, шеберханалар салынып,





электр қуаты тартылды, халық аспаптар оркестрі құрылып, жеміс бағы өсірілді. Балалардың оқуы еңбек тәрбиесімен, спорттық секциялардағы, көркемөнерпаздар үйірмесіндегі сабақтарымен ұштасып жатты. Балалардың жазғы демалысы мен дендерін сауықтыру үшін Көкпекті



өзенінің жағасында пионер лагері ашылды. Жақия Шайжүнісұлы қазақ халқының салт-дәстүрін, әдебиетін, тарихын жақсы біліп, оны ел арасында насихат еткен педагог. Ауданда бірінші болып семинар, педагогикалық жиналыстарды өткізуді бастаған идеяшыл басшы болған.

Көкпекті балалар үйі тек Қазақстанда ғана емес, Бүкіл Кеңес Одағындағы үлгілі балалар үйі ретінде Бүкілодақтық көрмеге қатысып, алтын медальмен марапатталған.

Бар ғұмырын бала тәрбиелеуге арнаған ұстаз, өз білімі мен тәжірибесін де жетілдіріп, сүйікті істерімен айналысуға да уақыт тапқан екен. «Жақия ұстаз ән мен күйді зер сала, ұйып тыңдап, алған ләззатын екінші бір жанға жеткізуге ыңғай жасап отыратыны қандай жарасымды, өзі сезінген жақсылықты өзгеге оралымды жеткізуде шебер болған еді. Жақия ағаның замандастары Сапекең мен Сәния апай қосылып немесе кезектесіп Абай әндері «Көзімнің қарасы», «Айттым сәлем қаламқас», «Сегіз аяқ» әндеріне, «Ғалиябану», «Бала Мишка», «Сарман бойлары» сияқты татар әндерін шырқата орындайтын. Ауданның басшысы орнында

қызмет істеген Жақанның жерлесі – жақсы көрер інісі Жанбаев Қайырлының асқақтата мәнерлеп шырқайтын - «Жанбота», «Ақ қайың», «Сырғақтысы», оның жұбайы, мұғалім Мекеңнің өзіндік ерекшелігі мол, сиқырлы, сазды әуенімен орындайтын «Алтыным», «Ақ бантик», «Әпитөк», «Куә бол» әндерін Жақаң беріле тыңдайтын, тыңдайтын да, ұзақ ойға шоматын» - дейді өз естелігінде замандасы Рафик Хасенов.

Ана тілінің ауқымы мол лексикалық қорын жетік меңгеруге айрықша бейімділік білдірумен қатар, Жақия аға, оны дұрыс, ұқыпты, таза да мәдениетті қолдануға баса назар аударумен болды. Қолы бос уақытында Абай өлендерімен сырласатын. Шәкәрім Құдайбердіұлының шығармашылын зерттеумен айналысып, оның мол мұрасын сақтап қалу үшін ақынның «Дубровский» поэмасының түпнұсқасын өзінің әріптесі



және туысы Сапарғали Ахметов, Болатқали Түсіпбеков үшеуі жасырын басып, бүгінгі ұрпаққа жеткізуде көп еңбек сіңірді.

Сонымен қатар, Көкпай Жанатайұлының асыл қазынасын сақтаудағы еңбегі де елеулі. Абайдың досы, серігі, ақын шәкірті Көкпай жөнінде жазып алғандары бірнеше дәптер екен. Осының баршасы Жақия Шайжүнісұлының өткендегі мұраға мұрагерлікпен қарай білген, биік мәдениетті, рухани әлемі бай азаматтығын танытады.

Жақия ағаның тамаша зайыбы Александра Викторовна ұстаздың сенімді серігі әрі көмекшісі бола білді. Олар жетім балаларды ата-аналық қамқорлыққа бөлей отырып, өздерінің де төрт ұлдары мен төрт қыздарын тәрбиелеп жеткізді. Шайжүнісовтердің даңқты әулетін жалғастырушылар кәсіби, қоғамдық, қайырымдылық



қызметтерінде еңбек сіңірген, құрметті азаматтар бола алды, өздерінің шыққан тегін, әке шаңырағының адамгершілік және рухани бастауларын ардақтап, құрмет тұтты.

1977-1983 жылдары Семей қаласының тарихи-өлкетану мұражайында қызмет еткен Халық мұғалімі, 1983 жылдың 2 қыркүйегінде дүниеден өтті.



Жақия ағаның барлық тәрбиеленушілері абыройлы да табысты, отансүйгіш адамдар болып қалыптасты. Оның тәрбиеленушілерінің бірі, Социалистік Еңбек Ері Құмар Раевтың есімі Көкпекті балалар үйіне берілген.

Семей қаласында және Көкпекті ауылындағы көшелер Жақия Шайжүнісұлының есімімен аталған, ал ұстаздың тұрған үйіне естелік тақтасы орнатылған. 1992 жылы үлгілі мектеп болып саналатын Көкпекті ауылының орта мектебіне Жақия Шайжүнісұлы есімі берілді.

2012 жылғы 1 қыркүйектен бастап Семейдің электронды колледжі оның есімін мақтанышпен иеленді. Осы заманауи оқу орнында «Шайжүнісұлы шыңын бағындырушылар» мектебі құрылған.

Жақия Шайжүнісовтың педагогикалық еңбек жолы әр ұстаз бен тәрбиешіге берері мол қымбат қазына екендігін айта келіп: «Біз басқаны оқып үйренуге құмармыз. Бұл дұрыс та болар. Бірақ Жақия ағадай қазақтың өз Макаренкосы өз ортамыздан шыққанда оның іс-тәжірибесін неге көп игілігіне айналдырмасқа. Ұстаздар қауымы осы мәселеге көңіл аударса» - деген екен профессор Михаил Семенович Панин. Ендеше, М.С.Паниннің сөзін құп көріп, Халық мұғалімінің педагогикалық және рухани-философиялық мұрасы ғылыми еңбектерде зерттеліп, семинарларда, конференцияларда оқылуда. Оның мыңдаған шәкірттері Халық ұстазы туралы естеліктерін мәңгі сақтап келеді, ал оның игі ісін облысымыз бен республикамыздың балалар үйлері мен оқу орындарындағы дарынды педагогтар мен тәрбиешілер жалғастыруда.



Ж.Шайжүнісұлы 43 жыл бойы
үздіксіз еңбек еткен Құмар Раев
атындағы Көкпекті балалар үйі

Ж.Шайжүнісұлы 1933 жылы оқып
аяқтаған М.Әуезов атындағы
Семей педагогикалық колледж



Ж.Шайжүнісұлы 1953 жылы
сырттай
оқып бітірген, Семей
педагогикалық институты

Ж.Шайжүнісұлы 1977-1983
жылдары қызмет еткен Семейдің
тарихи-өлкетану мұражайы





Жақия Шайжүнісов атындағы Көкпекті
орта мектебі



Құрметті демалысқа шыққаннан кейін Семей қаласында тұрған
Ж.Шайжүнісұлының үйі



Жақия Шайжүнісов атындағы электронды колледж